



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Мамыр 2024

Жылдық инфляция 2024 жылғы мамырда 8,5%-ды құрады (сәуірде – 8,7%). Азық-түлік тауарлары бағасының жылдық мәнде өсуі 5,5%-ға дейін (сәуірде – 6,3%) баяулады. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 7,6% (сәуірде – 7,6%) деңгейінде өзгеріссіз қалды, ал ақылы көрсетілетін қызметтердің бағасы 13,9%-ға дейін (сәуірде – 13,5%) жеделдеді.

Өңірлер бөлінісінде жылдық инфляция 16 өңірде баяулады, біреуінде жеделдеп, үшеуінде өзгеріссіз қалды. Жалпы республикалық деңгейден жоғары жылдық инфляция 10 өңірде қалыптасты. Инфляцияның ең жоғарғы мәні Қарағанды облысында (10,5%) және Астана қаласында (10,4%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2023 мамыр – 2024 мамыр), %-бен

Қарағанды	15,4	10,5
Астана қ.	16,6	10,4
Маңғыстау	17,6	10,2
Шығыс Қазақстан	16,0	9,3
Солтүстік Қазақстан	17,3	9,2
Алматы қ.	15,3	9,0
Павлодар	16,2	9,0
Ақмола	17,6	8,7
Жетісу	16,7	8,7
Атырау	15,9	8,6

Қазақстан Республикасы	15,9	8,5
Қостанай	16,1	8,4
Абай	15,7	8,1
Ақтөбе	16,2	8,1
Батыс Қазақстан	16,1	7,9
Шымкент қ.	15,6	7,7
Ұлытау	16,5	7,5
Қызылорда	16,1	7,3
Жамбыл	15,6	7,1
Түркістан	15,3	6,5
Алматы	14,8	5,6

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары елде қалыптасқан деңгейден (ж/ж 5,5%) жоғары Алматы қаласында (8,3%), Ұлытау облысында (8,1%), Жетісу (7,2%), Солтүстік Қазақстан (7,0%), Ақмола және Маңғыстау (6,9%-дан), Шығыс Қазақстан (6,6%), Батыс Қазақстан (6,0%) және Атырау (5,9%) облыстарында қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы елдегі көрсеткіштен (ж/ж 7,6%) жоғары Маңғыстау (14,2%), Қарағанды (10,0%) облыстарында, Шымкент қаласында (8,8%), Батыс Қазақстан (8,7%), Ақмола (8,4%), Түркістан (8,3%) облыстарында және Астана қаласында (8,2%) өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы жалпы республикалық деңгейден жоғары (ж/ж 13,9%) мына өңірлерде: Қарағанды (18,0%), Павлодар (17,7%), Ақтөбе (17,5%), Атырау (16,5%), Солтүстік Қазақстан облыстарында және Астана қаласында (16,2%-дан), Жетісу (15,9%), Шығыс Қазақстан (15,6%) және Абай (15,2%) облыстарында өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	5,5	7,6	13,9
Ақмола	6,9	8,4	12,2
Ақтөбе	3,5	6,3	17,5
Алматы	3,5	5,5	10,9
Атырау	5,9	7,2	16,5
Батыс Қазақстан	6,0	8,7	10,6
Жамбыл	5,4	7,0	12,1
Қарағанды	5,1	10,0	18,0
Қостанай	5,0	7,5	13,9
Қызылорда	5,5	7,6	10,1
Маңғыстау	6,9	14,2	11,0
Павлодар	4,8	7,3	17,7
Солтүстік Қазақстан	7,0	6,9	16,2
Түркістан	3,4	8,3	11,1
Шығыс Қазақстан	6,6	7,5	15,6
Астана қ.	4,3	8,2	16,2
Алматы қ.	8,3	6,0	12,3
Шымкент қ.	3,8	8,8	11,7
Абай	5,5	5,7	15,2
Жетісу	7,2	5,6	15,9
Ұлытау	8,1	6,2	8,3

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы мамырда елде айлық инфляция 0,4% болды. Бұл тарихи орташа мәнненⁱ (2017-2021 жылдардағы мамырда 0,5%) төмен. Айлық инфляцияның ең жоғарғы мәні Астана қаласында (1,2%) байқалды.

2-кесте. 2024 жылғы мамырдағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдар кезеңіндегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы мамырдағы орташа мән	2024 жылғы мамыр	Өңірлер	5 жылғы мамырдағы орташа мән	2024 жылғы мамыр
Қазақстан Республикасы	0,5	0,4	Шығыс Қазақстан	0,4	0,3
Астана қ.	0,6	1,2	Жетісу	-	0,3
Қостанай	0,5	0,8	Қызылорда	0,3	0,2
Ақмола	0,4	0,6	Павлодар	0,6	0,2
Маңғыстау	0,6	0,6	Ұлытау	-	0,1
Атырау	0,5	0,5	Ақтөбе	0,4	0,0
Батыс Қазақстан	0,5	0,5	Алматы	0,6	0,0
Солтүстік Қазақстан	0,5	0,5	Жамбыл	0,6	0,0
Алматы қ.	0,4	0,4	Түркістан	0,6	0,0
Абай	-	0,4	Шымкент қ. ⁱⁱ	0,6	0,0
Қарағанды	0,4	0,3			

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есебі

ⁱ Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер.

ⁱⁱ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы (2019-2021 жж.) орташа мән